

"Соғыс жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 наурыздағы N 280 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Соғыс жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ "Соғыс жағдайы туралы"

Қазақстан Республикасының

Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

"Соғыс жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 4, 22-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 1-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) әскери басқару органдары - стратегиялық, жедел-стратегиялық, жедел-аумақтық, жедел-тактикалық, тактикалық және жергілікті әскери басқару органдары.";

2) 6 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

9) тармақшадағы "заңдарында" деген сөз "заң актілерінде" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

16) тармақша алынып тасталсын;

3) 9-баптың бірінші бөлігінде:

13) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың 3), 4), 6) тармақшаларында көрсетілген нормативтік құқықтық актілер соғыс жағдайы күшінде болған кезеңде де, оны енгізгенге дейін де қабылдануы мүмкін."

4) 1 0 - б а п т а :

3) тармақша алынып тасталсын;

4) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігінің қажеттерін қаржыландыру тәртібін белгілейді," деген сөздер алынып тасталсын;

9) тармақша алынып тасталсын.

Президенті

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК